



Қазақстан Республикасы мен Араб Экономикалық Дамуының Кувейт Қоры арасындағы Арал қаласын (Арал теңізінің аймағы) сумен жабдықтау жобасы бойынша заем туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 1 наурыз N 161-II

Астанада 2000 жылғы 11 мамырда жасалған Қазақстан Республикасы мен Араб Экономикалық Дамуының Кувейт Қоры арасындағы Арал қаласын (Арал теңізінің аймағы) сумен жабдықтау жобасы бойынша заем туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Түпнұсқа: Араб тілінде

Заемның нөмірі _____

Заем туралы келісім
Қазақстан Республикасы
мен
Араб Экономикалық Дамуының Кувейт Қоры
арасындағы
Арал қаласын сумен жабдықтау жобасы

ЗАЕМ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

Қазақстан Республикасы (бұдан әрі "Заемшы") бірінші тараптан және Араб Экономикалық Дамуының Кувейт Қоры - екінші тараптан арасындағы _____ келісім.

Заемшы сипатталуы осы Келісімнің 2-қосымшасында келтірілген Қазақстан

Республикасының Арал Қаласын Сумен жабдықтау Жобасын (және бұдан әрі "Жоба" деп аталады) қаржыландыруға көмек көрсету туралы Қорға өтініш жасағанын назарға ала отырып;

Жобаны Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті (бұдан әрі "Комитет" деп аталады) орындайтынын және Жобаны жедел басқару мен жүргізуді "Қызылорда ауылшарсуқұбыры" ұйымы (бұдан әрі "Трест" деп аталады) жүзеге асыратынын назарға ала отырып;

Қор Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін зерттеуді қаржыландыру үшін техникалық көмекке аударған аударымдар ретінде үш жүз сексен мың кувейт динарын (380,000 кувейт динары) бергенін, осы негізде кейінірек бұл аударымдардың сомасынан іс жүзінде берілетін сома Қордың Жобаны қаржыландыру үшін беретін кез келген заемына енгізілетіндігін назарға ала отырып;

Донорлар 1998 жылы Алматы қаласында өткізілген жиналыста Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Дүниежүзілік Банктің, Kfw және Кувейт Қорының Арал маңындағы елді мекендерді Сумен жабдықтау, Санитарлық жағдайларын жақсарту және Денсаулығын сақтау жобасының түрлі компоненттерін қаржыландыру жоспарын келіскенін мұның, атап айтқанда, Кувейт Қоры мен Үкіметтің Арал қаласын Сумен жабдықтау Жобасының әртүрлі компонентін қаржыландыруын көздейтінін назарға ала отырып;

Заемшы мен Қор Жобаны қаржыландыру үшін Донорлардың жиналысында қабылданған қаржыландыру жоспарын орындауға келісім бергенін назарға ала отырып;

Қордың мақсаты Араб және реформалар жүргізіп жатқан басқа да елдерге олардың экономикасын дамытуға көмек көрсету және олардың даму жобалары мен бағдарламаларын орындау үшін қажетті заемдар беру болып табылатынын назарға ала отырып;

Қор Заемшының экономикасын дамытуда жобаның маңызына және қажеттілігіне кәміл сенімді екенін назарға ала отырып; және

Қор жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осы Келісімде айтылатын шарттар мен ережелер негізінде Заемшыға заем беруге келісімін бергенін назарға ала отырып;

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осы Келісімдегі тараптар мына төмендегілер туралы келіседі.

I БАП

Заем; Проценттер және басқа да Алымдар; Өтеу; Төлем орны

1.01-БӨЛІМ

Қор осы Келісімде айтылатын немесе осы Келісімде сөз болатын шарттар мен ережелер негізінде Заемшыға, Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін зерделеуді қаржыландыру жөніндегі техникалық көмекке арналған аударымдардан іс жүзінде берілетін соманы қоса алғанда, кувейт динарына қайта есептегенде төрт миллион екі жүз мыңды (4,200,000 кувейт динары) құрайтын соманы беруге келісімін береді. Техникалық көмекке арналған осы аударымдардан берілген сома Заемшы берген шоттан қаражатты бірінші алынуға арналған өтінімге сәйкес заем қаражатынан қандай да болмасын соманы Қордың төлеген күнінен бастап немесе егер, осы күндердің қайсысы бұрын басталғанына қарамастан, шоттан қаражатты алғашқы алынуға арналған өтінімде осындай кепілдікті беруге сұрау салынса, Заем туралы келісімнің 3.02-Бөліміне сәйкес Қордың кепілдік берген күнінен бастап осы Келісім күшіне енетін күнге дейін заем шотынан алынды деп саналады.

1.02-БӨЛІМ

Заемшы шоттан алынған және сол бойынша белгілі бір уақытта төлемге ұсынылмаған сома бар болғанда Заемның негізгі сомасы бойынша жылына үш процентті құрайтын ставка бойынша проценттер төлейді. Проценттер шоттан осылайша алынудың белгіленген күндерінен бастап есептеледі.

1.03-БӨЛІМ

Әкімшілік шығыстарын және осы Келісімді орындауға байланысты шығыстардың орнын жабу үшін Заем шотынан алынған сома бойынша және сол бойынша белгілі бір уақытта төлемге ұсынылмаған сома бар болғанда жылына бір проценттің екіден бірін (1%-тің 1/2) құрайтын қосымша алым төленеді.

1.04-БӨЛІМ

Осы Келісімнің 3.02-Бөліміне сәйкес Қор Заемшының өтініші бойынша

өзіне қабылдаған арнайы міндеттемелер бойынша төленуге жататын алым сол

бойынша белгілі бір уақытта төлемге ұсынылмаған сома бар болғанда кез келген осындай арнайы міндеттемелердің негізгі сомасы бойынша жылына бір проценттің екіден бірін (1%-тің 1/2) құрайтын ставка бойынша төленеді.

1.05-БӨЛІМ

Проценттер және басқа да алымдар ұзақтығы кемінде бір толық жартыжылдық кез келген кезең үшін әрбір айдың ұзақтығы 30 күн болған кезінде он екі айдан тұратын 360-күндік жыл негізінде есептеледі.

1.06-БӨЛІМ

Заемшы Заемның негізгі сомасын осы Келісімнің 1-қосымшасында айтылатын борышты біртіндеп өтеу туралы ережелерге сәйкес өтейді.

1.07-БӨЛІМ

Проценттер және басқа да алымдар жарты жылда бір рет әрбір жылдың 15 қаңтарында және 15 шілдесінде төленуге жатады.

1.08-БӨЛІМ

Заемшы барлық есептелген проценттерді және барлық басқа да алымдарды төлеген Қорды кемінде 45 күн ішінде хабардар ете отырып, және:

(a) аталған сәтте төлем жасауға талап етілмеген Заемның бүкіл негізгі сомасын немесе

(b) өтеу мерзімі алдын ала төлеу жүргізілген бөлігінен кейін басталатын Заемның қандай да болмасын бөлігі бойынша осындай алдын ала төлеу күнінде төлем жасауға талап етілмеген сомасы болмаған жағдайда - мерзімі басталған кез келген бір немесе одан көп борыштық міндеттемелердің

бүкіл негізгі сомасын төлеуге борыштық міндеттеменің мерзімі басталғанға дейін өтеуге құқығы бар.

1.09-БӨЛІМ

Заемның негізгі сомасы мен проценттерді және ол бойынша басқа да алымдарды төлеу Кувейтте немесе Қор негізді түрде сұрау салатын басқа да осындай жерлерде жүргізіледі.

II БАП

Валюта туралы ережелер

2.01-БӨЛІМ

Осы Келісімге сәйкес жүргізілетін қаржылық операциялардың барлық шоттары және төлеу мерзімі осы Келісімге сәйкес басталған барлық сома кувейт динарымен төленеді.

2.02-БӨЛІМ

Қор Заемшының өтініші бойынша және оның агенті ретінде әрекет ете отырып, осы Келісімге сәйкес Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарлардың құнын төлеуге немесе өздері іс жүзінде шеккен шығыстарының сол валютада орнын толтыруға қажет етілуі мүмкін болатын осындай валюталарды сатып алатын болады. Заем шотынан алынған болып саналатын сома кез келген осындай жағдайда шетелдік валютада сатып алуға талап етілетін тиісті сома кувейт динарындағы сомаға тең болып саналады.

2.03-БӨЛІМ

Негізгі соманың өтелуі немесе Заем бойынша проценттердің және басқа да алымдардың төленуі жүргізілген кезде Қор Заемшының өтініші бойынша және оның агенті ретінде әрекет ете отырып, белгілі бір уақытта Қор үшін ыңғайлы болып табылуы мүмкін валютада немесе валюталарда Заемшы осындай сатып алуға талап етілетін соманы төлегеннен кейінгі жағдаятқа қарай осындай өтелуі немесе төленуі үшін талап етілетін кувейт динарындағы соманы сатып ала алады.

Қордың тек Сомасы осы уақытта және осы көлемде іс жүзінде кувейт динарымен алынған осы Келісімге сәйкес талап етілетін төлем ғана жасалған

деп саналады.

2.04-БӨЛІМ

Осы Келісімнің мақсаттары үшін кез келген сәтінде бір валютаның екінші біріне аударғандағы құнын анықтаудың қажеті болатын кез келген сәтте, осындай құнды негізді түрде Қор анықтайды.

III БАП

Заем Қаражатын Шоттан алынуы және пайдаланылуы

3.01-БӨЛІМ

Заемшының осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Жобаға қатысты жұмсалатын немесе алда жұмсалынуы тиіс соманы Заем шотынан алуына құқығы бар.

Қордың өзге шешім қабылдауы ықтимал жағдайларды қоспағанда, 2000 жылдың 1 қаңтарына дейін шеккен шығыстардың есебінен немесе Заемшының аумақтарда өндірілетін тауарларға жұмсалған шығыстарын қаржыландыру үшін Заем шотынан ешқандай сома алынбайды.

3.02-БӨЛІМ

Заемшының өтініші бойынша және Заемшы мен Қор арасындағы келісілген осындай шарттар мен ережелерде Қор кейінірек кез келген тоқтата тұруға немесе жоюға болатындығына қарамастан, осы Келісімге сәйкес қаржыландырылатын тауарлардың құнына қатысты Заемшыға немесе басқа да тұлғаларға соманы төлеу жөнінде жазбаша нысанда өзіне арнайы міндеттемелер қабылдауы мүмкін.

3.03-БӨЛІМ

Заемшы Заем шотынан қандай да болмасын соманы алуына ниет білдірген немесе Қорға 3.02-Бөлімге сәйкес өзіне арнайы міндеттемелерді қабылдау туралы өтініш жасаған жағдайда, Заемшы Қорға уағдаластықтың осындай нысандағы және осындай жазба жазылған жазбаша өтінімді және Қор негізді түрде сұрау салатын басқа да құжаттарды береді. Қажетті құжаттамаларымен бірге шоттан қаражатты алуға арналған

өтінімдер, Банк пен Қор өзгеше келіскен жағдайды қоспағанда, бұдан әрі осы Бапта көзделетініндей, Жобаға қатысты шығыстар бойынша дереу беріледі.

3.04-БӨЛІМ

Заемшы шоттан өтінімде сұрау салынған қандай да болмасын қаражаттың алынуына Қор рұқсат еткенге дейін немесе кейін Қор негізгі түрде сұрау салатын осындай құжаттарды және шоттан қаражаттың алынуына арналған өтінімге растама ретінде басқа да куәліктерді Қорға береді.

3.05-БӨЛІМ

Қорды өзіне қатысты өтінім беріліп отырған соманы Заем шотынан алынуына Заемшының құқығы бар екендігіне және Заем шотынан алынатын сома осы Келісімде көрсетілетін мақсаттар үшін ғана пайдаланылатынына сендіру үшін, Шоттан қаражаттың алынуына арналған әрбір өтінім және ілеспе құжаттар мен басқа да растамалар, нысаны мен мазмұны бойынша жеткілікті болуы тиіс.

3.06-БӨЛІМ

Заемшы Заем қаражатын сипаттауы осы Келісімнің 2-қосымшасында

келтірілетін Жобаны орындау үшін талап етілетін тауарлардың тек тиісті құнын қаржыландыру үшін ғана қолданады. Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарлар және осындай тауарларды сатып алудың тәсілдері мен рәсімдері Заемшы мен Қор арасындағы қосымша уағдаластықтар негізіндегі өзгерістерді ескере отырып, олардың арасындағы келісім бойынша нақты анықталады.

3.07-БӨЛІМ

Заемшы Заем қаражатынан қаржыландырылатын барлық тауарлардың тек Жобаны орындау үшін ғана пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

3.08-БӨЛІМ

Заемшы Заем шотынан алуына құқығы бар соманы Заемшыға немесе Заемшының тапсырмасы бойынша төлейді.

3.09-БӨЛІМ

Заемшының Заем шотынан қаражаттың алынуын жүргізу құқығы 2003 жылдың 31 желтоқсанында немесе Заемшы мен Қор арасында белгілі бір уақытта келісілуі мүмкін одан да неғұрлым кеш мерзімдерде тоқтатылады.

IV БАП

Ерекше міндеттемелер

4.01-БӨЛІМ

Заемшы Табиғи Ресурстар және Қоршаған Ортаны Қорғау Министрлігінің Су Ресурстары жөніндегі Комитетіне (бұдан әрі "Комитет" деп аталады) Заем қаражатын беру жөнінде Қор үшін қолайлы шаралар қолданады.

4.02-БӨЛІМ

(а) Заемшы Жобаның орындалуын, тиісті талаптарды сақтай және көзделген нәтижелерге қол жеткізе отырып және Жобаның түрлі компоненттеріне қолданылуы мүмкін техникалық, қаржылық және әкімшілік ұтымды іс-тәжірибеге сәйкес қамтамасыз етеді.

(b) Комитет Жобаға жалпы бақылау жасауға және Жобаны Орындау жөніндегі Топтың қолдауы мен көмегі арқылы және Жоба бойынша Жетекші Комитеттің жалпы басшылық етуі арқылы Жоба орындау жөніндегі қызметті үйлестіруге жауап береді.

(с) Заемшы Жобаның шығындары бойынша тиімді және дер кезінде орындалуын қамтамасыз ету үшін Комитеттің Жобаны Орындау жөніндегі Топтың (бұдан әрі "ЖОТ" деп аталады) қызметінің құрылуын және оның қызметін қолдауын қамтамасыз етеді. ЖОТ Жобаға сәйкес тендер құжаттарын дайындауды, тендер өткізуді және құрылыс жұмыстарына бақылауды, сондай-ақ Заемшы, Комитет, Қор және мердігерлер арасындағы байланысты қоса алғанда, Жобаның дәйекті түрде күнделікті орындалуына жауап береді. Заемшы мен Комитет мыналарды:

- Қор үшін қолайлы Жобаның штаттық Жетекшісі тарапынан ЖОТ-қа басшылық жасауды;

- оны біліктілігі белгіленген талаптарға сәйкес келетін қызметкерлердің персоналымен жасақтауды;

- Жобаны орындау жөніндегі консультанттардың тарапынан ЖОТ-қа көмек көрсетуді қамтамасыз етеді.

(d) Заемшы Жобаның орындалуының барлық уақыты ішінде:

- Жоба бойынша барлық техникалық жоспарларға шолу жасау;
- Заемшының ведомстволар мен Жобаға қатысатын мекемелер арасындағы байланысты қоса алғанда, Жоба бойынша бүкіл іс-қимылды қадағалау мен үйлестіру;
және

- оның қызметтік үй-жайларында Жобаға байланысты аса маңызды мәселелерді талқылау үшін жиналыстар мен кездесулер өткізу үшін Жоба бойынша Жетекші Комитеттің (бұдан әрі "ЖБК") қызметіне қолдау көрсетеді.

Табиғи Ресурстар және Қоршаған Ортаны Қорғау Министрі ЖБК-тің

төрағасы болып табылады және оның мүшелерінің құрамына сол сияқты Министрліктің, Комитеттің өкілдері және Жобаның Жетекшісі кіреді.

4.03-БӨЛІМ

Жобаны орындау кезінде Заемшы Қор үшін қолайлы шарттар мен ережелер негізінде Қор үшін қолайлы техникалық консультанттарды жалдайды немесе жалдауды қамтамасыз етеді.

4.04-БӨЛІМ

Жобаны орындауға арналған, Заемның қаражатынан қаржыландырылатын келісім-шарттарды жасасу, сондай-ақ осындай келісім-шарттарға түзетулер енгізу және әрекет етуін тоқтату Қордың келісіміне байланысты болады.

4.05-БӨЛІМ

Заемшы Жобаны орындау үшін Заемға қосымша қажеттілігіне орай талап

етілетін, барлық басқа соманың, Қор үшін қолайлы шарттар мен ережелер негізінде берілетін барлық мұндай соманың дереу беруді немесе дереу берілуін қамтамасыз етеді.

4.06-БӨЛІМ

Заемшы олар әзірлегеннен кейін дереу Жобаны зерделегендігі туралы деректерді және жоспар мен техникалық талаптарының тізбесін, оның орындалу кестесі мен одан әрі оған енгізілген кез келген елеулі өзгерістерді - Қор белгілі бір қандай егжей-тегжейлікпен сұраса, дәл сондай етіп береді.

4.07-БӨЛІМ

Заемшы Жобаны орындау және онымен жұмыс істеу нәтижесінде Жобаның орындалу аумағында қоршаған ортаны қолайсыз ықпал етуден қорғау жөніндегі барлық қажетті шараларды қолданады.

4.08-БӨЛІМ

Заемшы:

- Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарлардың жіктемесі, оларды Жобада пайдалану туралы ақпаратты ашу, Жобаның орындалу барысын есепке алу (оларға байланысты шығындарды қоса алғанда) және ұтымды бухгалтерлік жұмыс іс-тәжірибесінде нақтылы қолданылуына сәйкес Комитеттің жұмысы мен қаржылық жағдайын көрсету жөніндегі белгіленген талаптарға жауап беретін есептеме құжаттарын жүргізеді немесе жүргізуді қамтамасыз етеді;

- Қордың уәкілетті өкілдеріне Заемға байланысты мақсаттар үшін сапарға шығуға және Жобаны инспекциялауға және тауарлар мен есептемедегі және құжаттардағы тиісті жазбаларды және құжаттарды тексеруге барлық қажетті мүмкіндіктер жасайды; және

- Қор негізді түрде сұрататын Жоба қаражатына, Заемға, тауарлар мен жұмыстарға және Комитеттің қаржылық жағдайына қатысты, барлық осындай ақпаратты Қорға ұсынады.

Заемшы Жобаның орындалу барысы туралы Қорды тұрақты ақпараттандыру мақсатында:

- осы Келісім жасалған күнінен бастап әрбір үш ай сайын Жобаның орындалуы туралы оның орындалу бағдарламасымен салыстыра отырып, ағылшын тілінде Қорға тұрақты және егжей-тегжейлі түрде есепті ұсынады; және

- Жоба аяқталған күннен бастап алты ай ішінде Жобаның аяқталғандығы туралы,

онда атап айтқанда, сметалық құнымен бірге Жобаны орындауға арналған іс жүзіндегі шығындарды салыстыруды қамтитын ағылшын тілінде есепті Қорға ұсынады және Жобаның орындалуына жұмсалған іс жүзіндегі шығындар мен сметалық құнның арасындағы кез келген айырманың себептері, сондай-ақ Жобаны орындау уақытында орын алған нақтылы проблемалар көрсетіледі. Мұндай есептемеде, сондай-ақ бастапқы жоспарлармен салыстырылуға қол жеткізілген бақылау сандары да көрсетіледі.

4.09-БӨЛІМ

Заемшы:

- Қорға су ресурстарын пайдалануға және басқаруға қатысы бар органдарда оны ұйымдастыру, басқару және институционалдық тұрғыдан реформалауға қатысты кез келген ұсынылатын зерделеуге байланысты кез келген есептеменің көшірмесін ұсынады; және

- жоғарыда аталған зерделеу нәтижесінде жасалған ұсыныстарды қолдануға қатысты Қормен консультациялар жүргізеді.

4.10-БӨЛІМ

Заемшы:

- Комитеттің Жоба шеңберінде құрылатын су шаруашылығы ғимараттары мен мүліктерін, ол аяқталған бойда Трестке берілуін қамтамасыз етеді; және

- ұтымды техникалық, қаржылық және әкімшілік іс-тәжірибеге сәйкес осындай су шаруашылық ғимараттарын пайдалануды және ұстауды қамтамасыз етеді.

4.11-БӨЛІМ

(а) Заемшы Жобаны жедел басқаруды және жүргізуді жүзеге асырады немесе оларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ жедел басқаруды және құрылым қызметін қолдауды, Жобаға енгізілмеген, бірақ ойдағыдай техникалық, қаржылық және әкімшілік тәжірибеге сәйкес оны тыңғылықты және ұтымды жүргізуге қажетті басқа жұмыстар мен объектілерді жедел басқаруды және жүргізуді жүзеге асырады;

(b) Заемшы:

- Жобаның түрлі компоненттері бойынша, атап айтқанда Қосаман және Арал елді мекендерінің арасында су беруге арналған бас түтікті құбырын қоса алғанда, күнделікті және мерзімді техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қажетті шараларды қабылдайды; және

- жыл сайын осы мақсат үшін қажетті қаржылық қаражат аударады.

4.12-БӨЛІМ

Кірістерді алу үшін жеткілікті, мыналарды:

(i) салықтарды, егер мұндайлар бар болса заем бойынша проценттерді қоса алғанда пайдалану шығындарын және ұстауға оларды тиісті қамтамасыз ету және амортизациялар үшін шығындарды өтеу;

(ii) тек амортизацияға арналған резервтен асатын осындай өтеу көлемінде ғана ұзақ мерзімді берешекті өтеуді жүргізу; және

(iii) болашақ кеңейтудің тиісті бөлігін қаржыландыруға арналған артық қаражатты қалдыру үшін жеткілікті болып табылатын Заемшы баға белгілеу мақсатында суға - тұтынушыларды сумен жабдықтауға - аумақта жобаны орындауға қойылатын тарифтерді қажетті түзетудің шараларын кезең-кезеңмен қабылдайды.

4.13-БӨЛІМ

Заемшы тұтынушыларға немесе тұтынушылардың тобына - олардың қажеттілігіне орай, суды беру бекеттерінде есептеуіш құралдарды пайдалануды кеңейту бойынша жаңа бағдарламаны орындайды. Заемшы, сол сияқты барлық жағдайларда да ұзақтығы 30 күннен аспайтын уақыт аралығына дейін Тресттің шоттарды толтырып беру мерзімін қысқарту үшін қажетті шараларды қабылдауын қамтамасыз етеді.

4.14-БӨЛІМ

Заемшы Тресттің ЭЕМ базасы негізінде шоттарды толтырып беру жөніндегі операцияларды басқару жүйесін енгізу үшін қажетті шараларды қабылдауын қамтамасыз етеді.

4.15-БӨЛІМ

(a) Заемшы қазіргі уақытта төлем жасауға талап етілмеген осындай сомалардың мұның алдындағы өткен үш айда шоттар толтырылып берілген сомалардың сомалардың жиынтық қорытындысынан аспауын болдырмау үшін мақсаты ағымдағы негізде тұтынушылардың түрлі санаттарынан дебиторлық берешектің сомасын жинауды қамтамасыз ету болып табылатын пәрменді іс-әрекет жоспарын Тресттің әзірленуі мен қолдануын қамтамасыз етеді.

(b) Заемшы ұтымды қаржылық құрылымды қолдау мақсатында Тресттің өзінің ұзақ мерзімді борышының жалпы сомасының 70:30-дан аспайтын оның қорларына және бос резервіне деген қатынасын сақтауын қамтамасыз етеді. Осы Ереженің мақсаттары үшін "ұзақ мерзімді борыш" термині осындай борыш пайда болған күннен бастап бір

жылдан астам уақыттан кейін өтеу мерзімі басталатын кез келген борышты немесе борыш кепілдігін қамтиды.

(с) Заемшы қаржылық операцияларын Трестті оның айналымдық қаражатына 1.5:1-ден төмен емес деңгейде өзінің қысқа мерзімді міндеттемелеріне қатынасын және 1:1-ден төмен емес деңгейде борыштық міндеттемелердің сомасына компанияның өтімділігіне қатысты сақталуын қамтамасыз етіп жүргізетіндей болса, осылайша, оның қаржылық операцияларын Тресттің жүргізуін қамтамасыз етеді.

4.16-БӨЛІМ

Заемшы:

- Қор үшін қолайлы, тәуелсіз аудитор қатаң қолданатын, аудитті жүргізудің ұтымды іс-тәжірибесіне сәйкес оның шоттарына жыл сайын аудит жүргізу үшін қажетті шараларды Тресттің қабылдауын қамтамасыз етеді; және

- Тресттің Қорға аудитордың есебімен бірге Тресттің әрбір қаржы жылы аяқталған сәттен бастап алты айдан кешіктірілмей аудиті жүргізілетін жылдық қаржылық есептіліктің көшірмесін (баланстық есептемені, олармен байланысты пайда мен зиян туралы есептемені қоса алғанда) ұсынуды қамтамасыз етеді.

4.17-БӨЛІМ

Заемшы сумен жабдықтау саласында жұмыс істейтін қызметкерлерді суды ысыраптауға, сумен жабдықтау жүйесін пайдалануды және басқаруды істен шығаруға әкелетін ақауларды ашу, сондай-ақ жобаны орындауды қоса алғанда, қаржылық қызметті және құрылысты басқару саласында білімі мен біліктілігін арттыру үшін білім беру бағдарламасын орындайды. Мұндай бағдарлама 2000 жылғы 30 маусымнан немесе Қормен келісілуі мүмкін одан кеш мерзімдерде Қорға ұсынылады.

4.18-БӨЛІМ

Заемшы ықтимал деңгейге дейін судың ысырабын төмендету үшін қажетті барлық шараларды қолданады. Осы мақсаттармен Заемшы, атап айтқанда, тарату жүйесіндегі және суды тұтынушылардың оны тікелей пайдаланатын жергілікті жерлердегі ысырабын төмендету үшін сумен жабдықтау жүйесіндегі объектілердің жай-күйіне белсенді бақылау рәсімін енгізеді және қолданады. Заемшы сол сияқты, ең алдымен, суды тиісті түрде пайдалану мақсаттары үшін оқу орындарында және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықты ақпараттандыру бағдарламасының арқасында су құбырлары бойынша судың құны мен оны беруге жұмсалатын шығындар туралы халықты кеңінен хабардар ету үшін қажетті шараларды қабылдайды.

4.19-БӨЛІМ

Заем мақсаттарының орындалуын қамтамасыз ету үшін Заемшы мен Қор толық аумақты ынтымақтастықты жүзеге асырады. Осы мақсаттар үшін Тараптардың әрқайсысы Заемға байланысты, істің жалпы жағдайына қатысты, екінші бір тарап негізді түрде сұрататын осындай ақпаратты ұсынады.

4.20-БӨЛІМ

Заемшы мен Қор Заемның және оған қызмет көрсетуді енгізу мақсатына байланысты мәселелерге қатысты пікір алмасуларды өз өкілдері арқылы мерзімді жүргізіп отырады. Заем мақсаттарының орындалуына (Жобаның шығындарына байланысты маңызды өсуді қоса алғанда) немесе оған қызмет көрсетуді жүргізуге кедергі келтіретін немесе кедергі келтіруі мүмкін кез келген мән-жайлар туралы Заемшы Қорға дереу хабарлайды.

4.21-БӨЛІМ

Заемшы мен Қордың өзара ниетінің мәні сол, ешқандай сыртқы борыш Заеммен салыстырғанда, мемлекеттік мүлік бойынша кейінірек пайда болатын борыш үшін мүлікті ұстау құқығы түріндегі артықшылық жағдайға ешқандай ие бола алмайды. Осы мақсатта Заемшы, Қор өзгеше шешім қабылдамаған жағдайлардан басқа, егер Заемшының қандай да болмасын мүлкіне байланысты кез келген сыртқы борышты қамтамасыз ету ретінде қандай да болмасын борыштар үшін мүлікті ұстап қалу құқығы пайда болса, осы фактіге байланысы мұндай құқық, Қордың тарапынан ешқандай шығыс шығармай-ақ, тең және мөлшерлес түрде Заемның және проценттің және олар бойынша басқа да алымдарды төлеуді қамтамасыз етуге және де кез келген осындай құқық пайда болған жағдайда осы мағынасында тура тұжырымдалған ереже ұсынатынына кепілдік береді; алайда, осы Бөлімнің мұның алдындағы ережелері мынадай жағдайларда:

(i) тек осындай мүліктің сатып алу бағасын төлеуді қамтамасыз ету ретінде ғана оны сатып алу сәтінде мүлікке қатысты пайда болған борыш үшін қандай да болмасын мүлікті ұстау құқығына;

(ii) бастапқы кезде пайда болған күннен кейін өтеу мерзімі бір жылдан кешіктірмей басталатын және осындай тауарларды сатудан түскен қаражаттан төлеуге жататын борышты қамтамасыз ету үшін сауда-саттыққа арналған тауарлар бойынша борыш үшін қандай да болмасын мүлікті ұстау құқығына; немесе

(iii) банк операцияларының әдеттегі барысында туындаған борыш үшін және өтеу

мерзімі оның өтеу күнінен кейін бір жылдан кешіктірмей басталатын борышты қамтамасыз ететін борыш үшін қандай да болмасын мүлікті ұстау құқығына қолданылмайды.

Осы бөлімде қолданылған кезде "Заемшы мүлкі" терминіне Заемшының Орталық Банкін немесе Орталық Банктің функциясын орындайтын қандай да болмасын басқа мекемені қоса алғанда, Заемшыға немесе оның әкімшілік-аумақтық бөлімшелеріне немесе Заемшының немесе оның кез келген әкімшілік-аумақтық бөлімшелеріне тиесілі немесе бақылайтын кез келген дербес құқықтық бірлігінің мүлкі енгізіледі және " борыш үшін мүлікті ұстап қалу құқығы" терминіне кепілзат, кепілдік, ипотекалық, ерекше және кез келген түрдегі артықшылық құқық енгізіледі.

4.22-БӨЛІМ

Заемның және проценттердің және ол бойынша басқа барлық алымдардың негізгі сомалары шегерімсіз және Заемшының заңдарына және оның аумақтарында - қазіргі уақытта да, болашақта да қолданылатын заңдарға сәйкес белгіленген кез келген салықтан, баждан және алымнан босатыла отырып төленеді.

4.23-БӨЛІМ

Осы Келісімде қазіргі уақытта да, болашақта да Заемшының заңдарына және оның аумақтарында қолданылатын заңдарына сәйкес белгіленетін салықтар, баждар, алымдар, комиссиялық ақылар және кез келген сипаттағы төлем сомалары қолданылмайды, оның әзірленуі, жариялануы, берілуі немесе тіркелуі кезінде немесе осындай әзірленуіне, жариялануына, берілуіне немесе тіркелуіне байланысты және де қандай да болмасын елдің немесе елдердің (Кувейт Мемлекетінен өзге) заңдарына сәйкес, Заем өтелетін валютада Заемшы барлық осындай салықтарды, баждарды, алымдарды және төлем сомаларын, егер мұндайлар бар болса, Заемшы төлейді немесе төленуін қамтамасыз етеді.

4.24-БӨЛІМ

Заемның, проценттердің және ол бойынша басқа барлық алымдардың негізгі сомасы Заемшының заңдарына және оның аумақтарында қазіргі уақытта да, болашақта да қолданылатын заңдарға сәйкес белгіленетін, валюталарды айырбастауға қойылатын шектеулерді қоса алғанда, барлық шектеулерсіз еркін төленеді.

4.25-БӨЛІМ

Заемшы Жобаның орындалуын Комитетке және Жобаны жедел басқаруды және енгізуді Трестке немесе тағайындалуы Қормен келісілуі мүмкін болып табылатын оның осындай құқықтық мұрагеріне тапсырады. Заемшы Комитет пен Тресттің тұрақты жұмыс істеуін Қор үшін қолайлы қағидаларға және ережелерге сәйкес қамтамасыз етеді және Жобаны тиісті және ойдағыдай орындауға жедел басқаруға және жүргізуге қажетті сондай өкілдіктерге, басшы және әкімшілік органдарға ие.

Заемшы:

- Жоба мақсаттарының орындалуына қолайсыз түрде ықпал етуі мүмкін, Комитеттің немесе Тресттің мәртебесін немесе құрамын өзгертуі мүмкін кез келген ұсынылып отырған әрекет туралы Қорды хабардар етеді; және

- Мұндай кез келген іс-әрекет орындалғанға дейін Қорға осы бойынша Заемшымен пікір алмасуды жүргізу үшін барлық қажетті мүмкіндіктерді ұсынады.

4.26-БӨЛІМ

Заемшы Заем қаражатынан қаржыландырылатын барлық тауарларды жауапты сақтандырушылар сақтандырады немесе сақтандыруды қамтамасыз етеді. Мұндай сақтандыру:

- Теңізбен тасымалдауға байланысты және Заемшының аумағына тауарларды сатып әкелуге және шығаруға және оларды Жобаның орындалатын жеріне жеткізуге байланысты басқа да тәуекелдердің орнын жабады; және

- ұтымды коммерциялық іс-тәжірибемен үйлестірілетін мұндай сома бойынша қамтамасыз етіледі.

Мұндай сақтандыру валютада төлеуге жатады немесе мұндай сақтандырумен сақтандырылған тауарлардың құны еркін айырбасталатын валютада төлеуге жатады.

Заемшы ұтымды әкімшілік және коммерциялық іс-тәжірибемен үйлестірілетін осындай сомада Жобаның орындалуына байланысты тәуекелден жауапты сақтандырушыларының сақтандыруын ресімдейді және қолдайды немесе ресімдеуді не қолдауды қамтамасыз етеді.

4.27-БӨЛІМ

Заемшы Жобаның орындалуы үшін оның тарапынан қажетті барлық

іс-әрекеттерді орындайды немесе орындауды қамтамасыз етеді және Жобаның орындалуына немесе одан жалпы пайдалы нәтиже алуға не осы Келісімнің кез келген ережесін орындауға бөгет болған не кедергі келтірген кез келген іс-әрекеттерді орындамайды және орындауға жол бермейді.

4.28-БӨЛІМ

Қордың барлық құжаттарын, есеп жазбаларын, хат-хабарларын және осыларға ұқсас материалдарды Заемшы құпия ретінде қарастырады және Заемшы олар бойынша Қорға цензура мен тексерулерден толық қол сұғылмаушылық береді.

4.29-БӨЛІМ

Қордың барлық мүлкі мен табысы ұлттың меншігіне айналдырудан, тәркілеуден және тартып алудан босатылады.

V БӨЛІМ

Жою және күшін тоқтата тұру

5.01-БӨЛІМ

Заемшы Қорды хабардар ете отырып, осы Келісімнің 3.02-Бөліміне сәйкес Қор өзіне арнаулы міндеттеме қабылдаған Заемның қандай да болмасын сомасын Заемшы жоя алмаған жағдайды қоспағанда, Заемшы осындай хабарлама ұсынылғанға дейін алмаған Заемның кез келген сомасын жоя алады.

5.02-БӨЛІМ

Егер төменде көрсетілген кез келген оқиғалардың бірі орын алса және орын алып отырса, Қор Заемшыға хабарлай отырып:

(а) негізгі соманы немесе проценттерді немесе Заемшы мен Қор арасындағы осы Келісімге немесе Заем туралы басқа кез келген Келісімге сәйкес кез келген басқа төлемді төлеуде дефолт орын алса;

(b) осы Келісімге сәйкес Заемшы тарапынан қандай да болмасын басқа міндеттемені немесе уағдаластықты орындауда дефолт орын алса;

(с) Қор Заемшы мен Қор арасындағы Заемшы тарапынан дефолт себебі бойынша заем туралы қандай да болмасын басқа келісімге сәйкес шоттан Заемшының қаражатты алу құқығын толық немесе ішінара тоқтатса;

(d) осы Келісімге сәйкес Заемшы өзінің міндеттемелерін орындауды мүмкін етпейтін төтенше жағдай қалыптасса Заемның шотынан Заемшының қаражат алуын жүргізу құқығын толық немесе ішінара тоқтата алады.

Осы Келісім күшіне енген күнінен кейін және Қорға Заемшының шоттан қаражат алуын тоқтату құқығын беретін, Келісім күшіне енген күнге дейін орын алған кез келген оқиға, егер мұндай оқиға орын алған күні осы Келісім күшіне енетін болса, егер осындай оқиға Келісім күшіне енген күнінен кейін орын алған сияқты Қорға Заем шотынан қаражат алуды тоқтату құқығын береді.

Заемшының Заем шотынан қаражат алу құқығын - жағдайға байланысты - толық немесе ішінара тоқтату оқиғасы немесе нәтижесі осындай тоқтату болып табылған оқиғалар тоқтатылғанға дейін немесе Қордың Заемшыға шоттан қаражатты алуды жүргізу құқығы қалпына келтірілгендігі туралы хабарлағанға дейін жалғасады; алайда, шоттан қаражат алуды жүргізу құқығын қалпына келтіру туралы кез келген мұндай хабарлама жасалған жағдайда ол тек осындай көлемде ғана және осы хабарламада көрсетілген сол шарттарды ескере отырып қалпына келтіріледі және ешқандай мұндай хабарламаның сипатталуы осы Келісімде келтірілетін одан кейінгі кез келген басқа да оқиғаларға қатысты құқығын, өкілеттігін немесе құқықтық қорғану құралын қозғамайды және кемітпейді.

5.03-БӨЛІМ

Егер 5.02-Бөлімнің (a) тармағында айтылған қандай да болмасын оқиға орын алса және ол осы туралы Қор Заемшыға хабарлағаннан кейін отыз күнді құрайтын уақыт аралығында жалғасса немесе егер 5.02-Бөлімнің (b), (c) және (d) тармақтарындағы ол туралы айттырған оқиғалар орын алса және ол осы туралы Қор Заемшыға хабарлағаннан кейін алпыс күнді құрайтын уақыт аралығы ішінде жалғасын тапса, бұл жағдайда кейіннен мұндай оқиға жалғасқан кез келген сәтте Қор өз қалауы бойынша тиесілі және тез арада төлеуге жататын

негізгі соманы жариялауы мүмкін және кез келген мұндай мәлімдемеден кейін мұндай негізгі сома, осы Келісімнің керісінше мәндегі кез келген ережесіне қарамастан, тиесілі және дереу төлеуге жататын негізгі сома болып табылады.

5.04-БӨЛІМ

Егер

(a) Заемшының Заем шотынан қаражат алуды жүргізу құқығы Заем сомасын кез келген сомаға қатысты ұзақтығы отыз күн уақыт аралығына тоқтатылса,

немесе

(b) 3.09-Бөлімде Қорытынды Күн ретінде көрсетілген күні Заем сомасы алынбай қалса,

Қор Заемшыға хабарлай отырып осындай сомаға қатысты шоттан Заемшының қаражат алу құқығын тоқтатуы мүмкін. Мұндай хабарлама ұсынылған бойда Заемның мұндай сомасы жойылады.

5.05-БӨЛІМ

3.02-Бөлімге сәйкес Қор өзіне қабылдаған қандай да болмасын арнайы міндеттемеге қолданылатын сомаға осы міндеттемелерде тура тұжырымдаған ережелер туралы сөз болған жағдайды қоспағанда, Қордың ешқандай жоюы немесе тоқтата тұруы қолданылмайды.

5.06-БӨЛІМ

Қор өзге шешім қабылдауы мүмкін жағдайды қоспағанда кез келген жою төлеу мерзімі осындай жоюдың күнінен кейін басталатын Заемның негізгі сомасын өтеу үшін бірнеше жарнаға байланысты мөлшерлес қолданылады.

5.07-БӨЛІМ

Осы Келісімнің барлық ережелері осы Келісімде нақтылап айтылған жағдайларды қоспағанда, кез келген жоюға немесе тоқтата тұруға қарамастан, толық күшінде және іс-әрекетінде қалады.

VI БАП

Осы Келісімнің Сақталуын қамтамасыз ету;
Құқықтардың Орындалмауы; Төрелік Қарау

6.01-БӨЛІМ

Осы Келісімге сәйкес Қордың және Заемшының құқықтары мен міндеттемелері заң күші бар болып табылады және кері мәндегі кез келген жергілікті заңға қарамастан, оның талаптары мен ережелеріне сәйкес оларды сақтау қамтамасыз етіледі. Ешқандай

жағдайға қарамастан, Заемшы да, Қор да осы Келісімнің қандай да болмасын ережесінің күші жоқ болып табылады немесе оны сақтау қандай да болмасын себептермен қамтамасыз етілмейді деген қандай да болмасын талап қоюға құқығы жоқ.

6.02-БӨЛІМ

Осы Келісімге сәйкес қандай да болмасын Тараптардың бірі ие болып табылатын қандай да болмасын құқықтарды, өкілеттіктерді немесе құқықтық қорғау құралдарын жүзеге асыруда ешқандай кідірту, жүзеге асырмау қандай да болмасын дефолт жағдайында мұндай құқықтарды, өкілеттікті немесе құқықтық қорғау құралдарын қозғамайды және олардан бас тарту ретінде немесе мұндай дефолтта үнсіз келісу ретінде пайымдалмайды. Сол сияқты осындай тараптың қандай да болмасын дефолтқа немесе қандай да болмасын дефолтта қандай да болмасын үнсіз келісуге қатысты іс-қимылы осындай тараптың кез келген басқа немесе келесі дефолттарына қатысты қандай да болмасын құқықтарын, өкілеттіктерін немесе құқықтық қорғау құралдарын қозғамайды және кемітпейді.

6.03-БӨЛІМ

Осы Келісімдегі Тараптар арасындағы кез келген даулы мәселе және Тараптардың бір-біріне осы Келісімнен туындайтын қандай да болмасын талабы Тараптардың келісімі бойынша шешіледі; мұндай келісімге қол жеткізілмесе даулы мәселе немесе талап келесі Бөлімде осы көзделгендегі сияқты төрелік соттың қарауына енгізіледі.

6.04-БӨЛІМ

Төрелік Сот былайша тағайындалатын үш төрешіден тұрады:

- бір төрешіні Заемшы тағайындайды;
- екінші төрешіні Қор тағайындайды; және
- үшінші төреші (бұдан әрі - "Супертөреші" деп аталады) тараптардың келісімі бойынша тағайындалады немесе егер келісімге қол жеткізілмесе, тараптардың бірінің өтініші бойынша Халықаралық Соттың Төрағасы тағайындайды.

Егер қандай да болмасын тараптардың бірі төрешіні тағайындамаса, екінші тараптың өтініші бойынша мұндай төрешіні Халықаралық Соттың Төрағасы тағайындайды. Осы Келісімге сәйкес тағайындалған төрешілердің қандай да болмасын бірі бас тартқан, қайтыс болған немесе қызмет ету қабілетін жоғалтқан жағдайда, бастапқы тағайындалған төрешіге қатысты жоғарыда көрсетілгеніндей төреші-құқықтық мұрагер де осылайша тағайындалады және бастапқы тағайындалған

төрешінің барлық өкілеттіктері мен міндеттері осындай құқықтық мұрагерге беріледі.

Осындай процесті бастаған Тарап екінші Тарапқа хабарлағаннан кейін осы Бөлімге сәйкес төрелік процесс басталуы мүмкін. Мұндай хабарлама Төрелік Соттың қарауына ұсынылып отырған даулы мәселенің немесе талаптың сипаты, сұралған соттық қорғаудың сипаты мен көлемі туралы деректер келтірілген өтінішті қамтиды және осындай процесті бастаған Тарап тағайындаған төрешінің тегі, аты-жөні көрсетіледі.

Мұндай хабарлама ұсынылғаннан кейін отыз күн ішінде қарсы Тарап процесті бастаған, осындай қарсы Тарап тағайындаған төрешінің тегін, аты-жөнін хабарлайды.

Егер сот қарауы осыдан басталатын мұндай хабарлама ұсынылғаннан кейін алпыс күн ішінде Тарап Супертөрешіні тағайындау туралы мәселеде келісімге келе алмаса, осы Бөлімнің бірінші тармағында көрсетілгеніндегі сияқты Супертөрешіні тағайындау туралы өтінішті кез келген Тарап жасай алады.

Төрелік Сот өзінің отырыстарын Супертөреші айқындайтын мерзімде және жерде өткізеді. Бұдан кейін өзінің отырыстарының өткізілетін жері мен мерзімін Төрелік Соттың өзі айқындайды.

Осы Бөлімнің ережелерін ескере отырып және Тарап өзге шешімдер қабылдаған жағдайларды қоспағанда, Төрелік Сот өзінің құзыретіне жатқызылған барлық мәселелерді шешеді және өз жұмыстарының тәртібін айқындайды. Төрелік Соттың барлық мәселелері көпшілік дауыспен қабылданады. Төрелік Сот Тараптардың бәріне де істің әділ тыңдалуын қамтамасыз етеді және өзінің шешімін жазбаша тапсырады. Мұндай шешім Тараптардың бірі қатыспай қалған жағдайда да қабылдануы мүмкін. Төрелік Соттың көпшілік мүшелері қол қойған шешім осындай Соттың шешімі болып табылады. Шешімнің қол қойылған көшірмесі Тараптардың әрқайсысына беріледі. Осы Бөлімнің ережелеріне сәйкес шығарылған кез келген мұндай шешім осы Келісімнің Тараптары үшін түпкілікті және міндетті болып табылады. Тараптардың әрқайсысы Төрелік Соттың шығарған кез келген осындай шешімдерін орындайды және сақтайды.

Сыйақылардың сомасын немесе төрешілердің және төрелік процесті жүргізу үшін қажет етілетін осындай басқа да тұлғалардың сыйақыларының немесе қаламақыларының сомасын Тараптар тағайындайды. Егер Тараптар Төрелік Сот шақырылғанға дейін мұндай сомаға келісімге келе алмаса, осы жағдайда негізді болып табылатын осындай соманы Төрелік Сот тағайындайды. Әрбір Тарап төрелік процесіндегі өз шығындарын өздері төлейді. Төрелік Соттың шығындары Тараптар арасында бөлінеді және олар осы шығындарды бірдей көтереді. Төрелік Соттың жұмысына немесе осындай шығындарды төлеу рәсіміне байланысты шығыстарды бөлуге байланысты кез келген мәселені Төрелік Сот шешеді.

Төрелік сот Заемшының және Кувейт Мемлекетінің қолданылып жүрген заңдарына сәйкес ортақ болып табылатын принциптерді, сондай-ақ әділет принциптерін қолданады.

6.05-БӨЛІМ

Мұның алдында сөз болған Төрелік қарау туралы ереже өзімен осы Келісімдегі Тараптар арасындағы кез келген өзге даулы мәселелерді шешу рәсімін және осы Келісіммен байланысты Тараптардың бірінің екіншісі жөніндегі қандай да болмасын кез келген талабын алмастыра алады.

6.06-БӨЛІМ

Осы Бапқа сәйкес қандай да болмасын соттың қарауына байланысты қандай да болмасын хабарламаны немесе сот бұйрығын тапсыру 7.01-Бөлімде көзделгендегідей сияқты етіп жасалуы мүмкін. Тараптар осы Келісімде кез келген хабарлама немесе сот бұйрығы тапсырылғаннан кейін кез келген және барлық талаптардан бас тартуы мүмкін.

VII БАП

Өзге Ережелер

7.01-БӨЛІМ

Осы Келісімге сәйкес талап етілетін немесе рұқсат етілетін кез келген хабарлама немесе сұрау салу, беру немесе ұсыну жазбаша түрде беріледі. 8.03-Бөлімде көзделгендерден өзге жағдайларда мұндай хабарлама немесе сұрау салу осы Келісімде көрсетілген Тараптардың мекен-жайы бойынша немесе хабарламаны немесе сұрау салуды беруші Тараптың хабарламасында осындай Тарап көрсететін осындай Тараптың осындай мекен-жайы бойынша мұндай хабарлама немесе сұрау салу талап етілетін немесе рұқсат етілетін Тарапқа ол қолма-қол немесе телеграмма немесе каблограмма түрінде почтамен, телекспен берілсе тиісті түрде берілген немесе ұсынылған болып саналады.

7.02-БӨЛІМ

III бапта айтылған немесе орындалуы немесе жасалуы Заемшыдан талап етілетін немесе осы Келісімге сәйкес рұқсат етілген Заемшының атынан кез келген өзге

іс-қимылды орындайтыны немесе жасайтыны айтылған өтінімге қол қоятын тұлғаның немесе тұлғалардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын растаған растаманы және осындай тұлғаның қолының бекітілген үлесін Заемшы Қорға ұсынады.

7.03-БӨЛІМ

Осы Келісімге сәйкес Заемшының атынан орындалуы талап етілетін немесе рұқсат етілетін кез келген іс-қимылды және жасалуы талап етілетін немесе рұқсат етілетін кез келген құжаттарды Заемшының Қаржы Министрі немесе осыған жазбаша түрде уәкілеттік берілген кез келген тұлға орындауы немесе жасауы мүмкін. Осы Келісім ережелерінің кез келген өзгерісіне немесе кеңейтілуіне Заемшының атынан оның жоғарыда айтылған өкілі немесе осыған жазбаша түрде өкілеттік берілген басқа тұлға жасаған жазбаша құжатқа; осындай өкілдің пікірінше осындай өзгеріс немесе кеңейтілу осы жағдайда дәлелді болып табылған және осы Келісімге сәйкес Заемшының міндеттемелерін айтарлықтай арттыруға әкелмейтін жағдайда келісім алуы мүмкін. Осындай

өкілдердің немесе басқа тұлғаның осындай құжатпен осы Келісімнің ережелеріне енгізілетін кез келген өзгеріс немесе кеңейтілу осындай өкілдің пікірінше осы жағдайда негізделген болып табылатын және осы Келісімге сәйкес Заемшының міндеттемелерін айтарлықтай арттыруға әкелмейтін осындай жасалған кез келген осындай құжатты Қор қабылдауы мүмкін.

VIII БАП

Күшіне енетін күні; Іс-қимылын тоқтатуы

8.01-БӨЛІМ

Осы Келісім Заемшының атынан тиісті түрде уәкілеттеліп немесе барлық қажетті үкіметтік өлшемдермен бекітіліп, Қор үшін қолайлы жасалғандығы және берілгендігі расталып ұсынылғаннан кейін ғана осы Келісім күшіне енеді.

8.02-БӨЛІМ

8.01-Бөлімге сәйкес ұсынылған растаманың бір бөлігі ретінде Заемшы осы Келісімді тиісті түрде уәкілеттелгені немесе бекіткені және оның атынан жасалғандығы және берілгендігі және оның шарттары мен ережелеріне сәйкес заң күші бар екендігі және Заемшының міндеттемелерін жалғастырушы болып табылатыны айтылған құзыретті органның қорытындысын немесе қорытындыларын Қорға ұсынады.

8.03-БӨЛІМ

Қор мен Заемшы арасындағыдан басқа жағдайларда, Келісім күшіне енеді және 8.01-Бөліміне сәйкес талап етілетін растаманы олар қабылдағаны туралы Заемшыға хабарламаны телеграф бойынша Қор жіберген күннен әрекет етеді.

8.04-БӨЛІМ

Егер орындалуы 3.01-Бөлімге сәйкес талап етілетін барлық іс-қимыл осы Келісімге қол қойылғаннан кейін тоқсан күн толғанға дейін немесе Қор мен Заемшы келіскен біршама кеш мерзімде орындалмаса, Қор одан кейінгі кез келген уақытта Заемшыға хабарлай отырып осы Келісімнің іс-қимылын өзінің қалауы бойынша тоқтата алады. Осындай хабарлама ұсынылған бойда осы

Келісімнің іс-қимылы мен оларға сәйкес Тараптардың барлық міндеттемелері тез арада тоқтатылады.

8.05-БӨЛІМ

Егер және Заемның негізгі сомасы толық және барлық проценттер мен Заем бойынша есептелген басқа да алымдар төленсе, осы Келісімнің іс-қимылы және оларға сәйкес барлық міндеттемелер оларда тез арада тоқтатылады.

ІХ БАП

Айқындама

9.01-БӨЛІМ

Мәтіннен өзге мағына туындағаннан басқа жағдайларда, осы Келісімді немесе кез келген қосымшаны пайдалану кезінде мынадай терминдер әр кезде мынадай мағынаны білдіреді:

(1) "Жоба" термині: осы Келісімнің 2-қосымшасында сипатталғанындай Заем берілетін жобаны немесе жобаларды немесе бағдарламаны немесе бағдарламаларды білдіреді, сонымен қатар Қор мен Заемшы арасындағы келісім бойынша олардың сипаттамаларына өзгерістер енгізіледі;

(2) "Тауарлар" термині: Жоба үшін талап етілетін құрал-жабдықтарды, жабдықтау заттары мен қызмет көрсетулерді білдіреді. Кез келген тауардың құнына сілтеме жасалған әр кезде мұндай құн Заемшының аумағына осындай тауарларды әкелуге арналған шығындарды қамтитын болып саналады;

(3) "Су ресурстары жөніндегі комитет" немесе "Комитет" терминдері шаруашылық-тұрмыстық және экономикалық мұқтаждарға арналған облысаралық мәндегі су құбырларын жобалауға, құрылысын салуға және пайдалануға жауапты Қазақстан Республикасы Үкіметінің мекемелерін білдіреді;

(4) "Трест" термині: өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығына және шаруашылық-тұрмыстыққа пайдаланылатын суларға арналған Жобаны орындау үшін аумақтарда су шаруашылықтарының құрылыстарын пайдалануға және ұстауға жауапты болып табылатын, Комитеттің 1995 жылғы 6 қазандағы қаулысымен бекітілген ұйымды білдіреді;

(5) "Табиғи Ресурстар және Қоршаған Ортаны Қорғау" термині: Заемшының Табиғи Ресурстар және Қоршаған Ортаны Қорғау министрлігін немесе оның кез келген құқықтық мұрагерін білдіреді;

(6) "Донорлар" термині: Дүниежүзілік Банкті, KfW және Кувейт Қорын білдіреді.

7.01-Бөлімнің мақсаттары үшін мынадай мекен-жайлар көрсетіледі:

Заемшының мекен-жайы:

Ministry of Finance
60 Republic Avenue
473000 Astana

Republic of Kazakhstan

Қаржы министрлігі
Республика даңғылы, 33
473000 Астана

Қазақстан Республикасы

Каблограммалар мен телекстерді жіберуге арналған басқа мекен-жай:

Заем қаражатының шотынан алынатын негізгі сома 36 жарты жылдық жарнамен өтеледі, сонымен қатар әрбір жарнаның төлеу сомасы және реттілігі қоса беріліп отырған кестеде қандай болса дәл сондай болады. Төленуге тиісті осы жарналардың алғашқысы егер осындай кепілдікті ұсыну туралы - осы екі күннің қайсысы бұрын келетініне тәуелсіз шоттан қаражатты алуға арналған алғашқы өтінішті сұраған жағдайда Заем туралы келісімнің 3.02-Бөліміне сәйкес Заемшы немесе Қор кепілдік берген күннен бастап шоттан қаражат алуға арналған алғашқы өтінішке сәйкес Қор заем қаражатынан

соманы төлеген күннен бастап 5 жылды құрайтын жеңілдік мерзімі аяқталған бойда Заем туралы келісімнің ережелеріне сәйкес заем бойынша проценттер мен басқа да алымдарды төлеу мерзімі басталған алғашқы күні төлеуге жатады. Негізгі соманы өтеуге арналған қалған жарналар алғашқы жарнаны төлеу мерзімі ретінде келісілген күннен кейін әр алты ай сайын бірінен соң бірі төленеді.

ЗАЕМДЫ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢМЕН ӨТЕУ КЕСТЕСІ

Реттік нөмірі	Негізгі Соманы Төлеу (кувейт динарымен)
1	116, 000
2	116, 000
3	116, 000
4	116, 000
5	116, 000
6	116, 000
7	116, 000
8	116, 000
9	116, 000
10	116, 000
11	116, 000
12	116, 000
13	116, 000

14	116, 000
15	116, 000
16	116, 000
17	116, 000
18	116, 000
19	116, 000
20	116, 000
21	116, 000
22	116, 000
23	116, 000
24	116, 000
25	116, 000
26	116, 000
27	116, 000
28	116, 000
29	116, 000
30	116, 000
31	116, 000
32	116, 000
33	116, 000
34	116, 000
35	116, 000
36	140, 000

Жиыны	4,200, 000
-------	------------

2-ҚОСЫМША ЖОБАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Жобаның мақсаты Қазақстан Республикасындағы Арал теңізінің экологиялық апатының нәтижесінде едәуір зардап шеккен елді мекендердің бірі Арал Қаласын сумен жабдықтаудың көлемін арттыру болып табылады. Бұл мақсатқа қол жеткізудің құралы орын алып отырған жүйенің тиімділігін арттыру, сондай-ақ қаладағы тарату желісін кеңейту болып табылады.

Жоба мынадай негізгі құрамдас бөліктерден тұрады:

1. Жүйені жетілдіру

(а) Қосаман су көзі мен Арал қаласының арасындағы суды жеткізу үшін қазіргі бас су құбырын қайта құру. Жұмыстар:

- ұзындығы 110 шақырым және диаметрі 1000 миллиметр қазіргі түтікті құбырдың жиынтық ұзындығы 12 шақырымды құрайтын тозған учаскесін алмастыруды;

- түтікті су құбырының барлық ұзындығында тотығудан катодты қорғауды қолдануды; және

- бес көлемді есептеуіштерді орнатуды қамтиды;

(b) Арал Қаласындағы қазіргі тарату желісін:

- жалпы ұзындығы 50 шақырымға жуық тозған түтікті алмастыру;

- ұзындығы 6 шақырымға жуық жаңа тарату желілерін орнату;

- 80 су ағызғы құбырларын және өрт сөндіру гидранттарын орнату; және

- бес жаңа су көтергіш мұнарасын салу арқылы жаңарту;

(c) Жобаны тиянақты әзірлеу негізінде анықтауға болатын жергілікті жерлерде, Арал Қаласына жақын үш елді-мекенде үш тәжірибелік жаңбырлатқыш қондырғыны орнату.

2. Институционалдық қолдау:

- бақылау-өлшегіш, сынақ және бақылаушы жабдықтарды жеткізу, сондай-ақ

- Арал Ауыл шаруашылығы су құбырларын Ұйымдастыру Бөлімшесінің

жұмыстарын жетілдіру үшін қаржылық қызметті пайдалану, ұстау, басқару және судың ысырабына әкеп соқтыратын ақауларды анықтау үшін персоналды оқыту және сарапшыларды жалдау.

3. Консультациялық Техникалық Қызмет көрсетулер

(а) Тендерлік және келісім-шарттық құжаттарды тиянақты әзірлеу және жасау және келісім-шартты жасасуға көмектесу, сондай-ақ Жобаға сәйкес құрылыс жұмыстарын қадағалау;

(b) Жобаның техника-экономикалық негіздемелерін оқу.

Жобаны 2003 жылдың аяғында аяқтау болжанып отыр.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Күні: ... жылғы

Араб Экономикалық Дамуының Кувейт Қоры
Почта Абонементтік Жәшігі 2921, Сафат
13030 Сафат,
Кувейт

Тақырыбы: Заем қаражатынан қаржыландырылатын
тауарлар мен жұмыстардың тізбесі.
Сатып алу рәсімі

Құрметті Мырзалар,

Сол күнгі осы хат сияқты Арал Қаласын Сумен жабдықтауды жақсартуды қаржыландыру үшін біздің арамызда қол қойылған Заем туралы Келісімнің 3.06, 4.03 және 4.04-Бөлімдеріне сілтеме жасай отырып, біз Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарлар мен жұмыстардың түрлері, осындай түрлердің әрқайсысы бойынша қаражаттарды аудару және олар бойынша қаржыландыру шығыстары проценттермен көрсетілген Тауарлар мен Жұмыстардың Тізбесін қоса береміз.

Біз Заем қаражаты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген салықтарды немесе бажды төлеу үшін өзгеше түрде пайдаланылмайтындығын растаймыз.

Біз егер Қормен өзгеше жағдайлар келісілмесе - Жоба үшін сатып алулар Халықаралық Бәсекелестік Сауда-саттықтардың негізінде жүргізілетіндігін растаймыз. Сауда-саттықтарға шақырылғанға дейін Жоба бойынша құрылыс жұмыстарын жүргізуге арналған сауда-саттықтарға қатысушыларға алдын-ала бағалау жасалады. Алдын-ала бағалауға арналған өтінім беруге мүдделі мердігерлерді шақыру туралы хабарлама кемі екі халықаралық мерзімді басылымдарда және Кувейтте шығатын күн сайынғы газеттердің бірінде жарияланатын болады және сол сияқты, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің елшілеріне жіберілетін болады. Алдын-ала бағалауға арналған өтінімді бағалау туралы есеп дайындалатын және Қордың қарауына және мақұлдауына ұсынылатын болады.

Жобаны орындау жөніндегі тендерлік құжаттардың жобасы сауда-саттықтарға шақырылғанға дейін Қордың қарауына және мақұлдауына ұсынылатын болады. Сауда-саттықтардың немесе олардың рәсімдерінің құжаттарына біз Қор негіздеп сұрау салатын өзгерістер енгіземіз. Келісім-шарт жасасу туралы ұсыныстар алғаннан кейін келісім-шарт жасасу жөніндегі ұсынымдармен бірге, оларды бағалау туралы есеп дайындалатын және Қордың қарауына және мақұлдауына ұсынылатын болады. Ұсыныс құнының 10% құрайтын ең аз баға алған қосымша басымдық кувейт немесе қазақстан мердігерлеріне немесе осындай мердігерлер немесе шетел мердігерлері арасындағы біріккен кәсіпорындарға берілетін болады. Осы ереженің мақсаттары үшін, егер оның 50%-тен төмен емес көлеміндегі іс жүзіндегі иелері Кувейт Мемлекетінің немесе Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылса мердігер кувейттік немесе қазақстандық болып саналады.

Жоба үшін техникалық консультанттарды іріктеуге қатысты, егер Қор өзгеше шешім қабылдамаса, біз консультацияларда және Қордың келісімімен осындай консультанттар құзыретінің шегін анықтаймыз.

Құзыреттің мұндай шектері жоғарыда аталған жобаның тиянақты техникалық әзірлеуіне, тендерлік құжаттарды даярлауына және құрылыс жұмыстарын қадағалауға, сондай-ақ мүдделі мердігерлердің тарапынан алдын-ала бағалауға арналған өтінімдерді бағалауда Су Ресурстары жөніндегі Комитеттің көмегіне жататын болады. Егер Заемшы мен Қор арасында өзгеше келісілмесе, біз, сол сияқты консультацияларда және Қордың келісімімен ұсыныс беру үшін шақырылатын халықаралық консультациялық фирмалардың қысқаша тізімін дайындаймыз. Мұндай консультанттар Кувейттен келген консультанттарға қосылады және олармен бірлесе отырып ұсыныстар ұсынады. Ұсыныстар алғаннан кейін Қормен алдын-ала келісілген техникалық және қаржылық бағалауға негізделген критерийлерге сәйкес оларды бағалау жүргізілетін болады және біз Қорға оның бағалауына консультанттарды іріктеуге қатысты ұсынымдармен бірге осындай бағалау туралы есепті ұсынамыз. Біз, сондай-ақ оларға оның мақұлдауына іріктеу жүргізілген консультанттармен келісім-шарт жасасудың жобасын ұсынамыз.

Тендерлік құжаттардағы немесе Заем қаражатынан қаржыландырылатын келісім-шарттағы кез келген елеулі өзгеріс, мұндай өзгеріс келісім-шарт жасасқанға дейін немесе одан кейін енгізілетіндігіне тәуелсіз Қордың мақұлдауына ұсынылатын болады. Кез келген мұндай келісім-шартқа қол қойылғаннан кейін оның расталған көшірмесі төлеу және оны тіркеу мақсаттары үшін Қорға берілетін болады.

Су Ресурстары жөніндегі Комитеттің персоналдарды оқытуға қатысты дайындықты талап ететін тиянақты бағдарлама дайындалатын және Қордың қарауына және мақұлдауына ұсынылатын болады. Институционалдық қолдау компонентіне сәйкес жабдықтар мен материалдарды сатып алуға қатысты: ол сөз болып отырған, Қазақстанды қоса алғанда елдердің тиісті санынан өндірушілердің маркетингі бойынша өндірушілер немесе агенттер болып табылатындар жабдықтар мен материалдардың

бірлігін немесе бірліктерін жақсы танымал жеткізушілердің жеткілікті санын алынған ұсыныстардың

негізінде ғана өндірілетін болады.

Егер Сіз қоса беріліп отырған Тауарлар мен Жұмыстардың Тізбесіне өз келісіміңізді берсеңіз және осы хаттың мазмұнына оның қоса беріліп отырған көшірмесіне қол қойып және оны бізге қайтарып, растасаңыз, сізге ризашылығымызды білдіреміз.

Қазақстан Республикасы

(құжатқа қол қоюға уәкілетті ресми тұлғаның қолы)

(Уәкілетті Өкіл)

Қабылдады:

Араб Экономикалық Дамуының Кувейт Қоры

(құжатқа қол қоюға уәкілетті ресми тұлғаның қолы)

(Уәкілетті Өкіл)

ТАУАРЛАР МЕН ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

Реттік нөмірі	Тауарлардың немесе Жұмыстардың түрі (кувейт динарымен)	Қаражатты аудару (%-пен)	Жалпы құнға процентпен, /1/
1	Суды беруге арналған бас түтікті құбырды қайта құру	1,090,000	90
2	Катодты қорғаныс	260,000	90
3	Тарату желісін жаңарту	1,010,000	90
4	Жаңбырлатқыш қондырғылардың	170,000	90

құрылысы

5	Тиянақты жобалау, тендерлік құжаттарды дайындау және құрылыс жұмыстарын қадағалау жөніндегі консультациялық техникалық қызмет көрсетулер	370,000	100
6	Институционалдық қолдау	160,000	100
7	Техникалық көмек (Техникалық-Экономикалық Негіздемені оқу)	380,000 /2/	100
8	Күтпеген шығыстар	760,000	

Жиыны 4,200,000

/1/ Немесе тікелей шетелдік шығыстардың жалпы сомасының 100% (СИФ)
/2/ Техникалық көмек шотынан алынған іс жүзіндегі сома шоттан қаражатты алуға арналған бірінші өтінімге сәйкес Заем туралы келісімнің 3.02-Бөліміне сәйкес Қордың кез келген соманы берген немесе оларға кепілдік берген күнінен заем қаражатының шотынан алынған болып саналады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Күні: ... жылғы

Араб Экономикалық Дамуының Кувейт Қоры
Почта Абонементтік Жәшігі 2921, Сафат
Кувейт, 13030

Құрметті Мырзалар,

Арал Қаласын Сумен жабдықтау Жобасына қатысты және Араб Экономикалық Дамуының Кувейт Қоры мен Қазақстан Республикасының арасында бүгін қол қойылған Заем туралы Келісімге сілтеме жасай отырып, біз Кувейт Мемлекетінде қолданылып жүрген ережелерге сәйкес осы ережелерге сай байкот білдірілген субъектілер немесе фирмалар қатысатын операцияларға мемлекеттік қаражатты пайдалануға тыйым салынғандығы туралы тиісті түрде хабарланғандығымызды растаймыз.

Осыған байланысты, біз, жоғарыда аталған Заемның қаражаты Кувейт

Мемлекетінде қолданылып жүрген ережелерге сәйкес байкот қолданылатын қандай да болмасын ел, фирма немесе мекеме өндіретін немесе көрсететін тауарларды немесе қызмет көрсетулерді тікелей немесе жанама қаржыландыру үшін қандай да болмасын тәсілмен пайдаланылмайтындығына кепілдік береміз.

Егер Сіз қоса беріліп отырған хаттың көшірмесінің бастаушы бланкісіне қол қойып және оны бізге қайтарып, жоғарыда айтылғандар біздің ортақ келісімімізді көрсететіндігін растасаңыз ризашылығымызды білдіреміз.

Қазақстан Республикасы

(құжатқа қол қоюға уәкілетті ресми тұлғаның қолы)

(Уәкілетті Өкіл)

Қабылдады:

Араб Экономикалық Дамуының Кувейт Қоры

(құжатқа қол қоюға уәкілетті ресми тұлғаның қолы)

(Уәкілетті Өкіл)

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК